

Мультимедиа технологиясы туралы жалпы түсінік

Орындаған: Сағынғали Аяжан
Тобы: СПИС-101

Мультимедиаға зерттеуші ғалымдар түрліше анықтама береді:

Мультимедиа - әртүрлі типті ақпараттарды
компьютердің ұсыну мүмкіндігін
дамытатын және адамның
мультисенсорлық табиғатына негізделген
технология (D.Little).

- Мультимедиа - екі не онан да көп типті ақпараттарды интерактивті формада біріктіру (D.H.Jonassen).

- Мультимедиа - әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдары кешені (И.И.Косенко).

- Мультимедиа - графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппаратты-бағдарламалық құрал (И. Вернер)

анимация



графика
(изображения)



видео

мультимедиа



звук (аудио)



Metod-kopilka.ru
текст, число

- **Мультимедиа термині** латын тілінің „**multy**” (көп) және „**media**” (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған. Сондықтан да, мультимедиалық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл терминге „ақпараттық орта” деген мағына беруге болады. Ал, ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс деп қабылдай аламыз

- Осы орайда, мультимедиаға және оған қатысты ұғымдарға өздігімізше анықтама бере кетейік

- *Мультимедиа* - компьютерлік графикамен, суреттермен, бейнеақпараттармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйе.

Мультимедиалық технологиялар - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) **ЖИЫНТЫҒЫ.**

- *Мультимедиалық технологиялар* - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) **ЖИЫНТЫҒЫ.**



Видео Изображения

- *Мультимедианың бағдарламалық құралдары* – кез келген типті ақпаратты интерактивті режимде пайдалануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары.

● *Мультимедиалық ресурстар*

- мультимедиалық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпараттық өнімдер.

- Мультимедианың дамуы бейнетехникалық және дербес компьютерлік технологиялардың өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедиа статикалық (мәтіндік, кестелік, графиктік) және динамикалық (анимациялық, бейнелік), дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады.

- Қазіргі таңда электрондық оқулықтарды, компьютерлік оқыту бағдарламаларын, дыбыстық және бейнелік оқу материалдарын пайдалануда қолданылатын мультимедиалық технологиялар оқыту процесіндегі инновациялық әдістерді жүзеге асыратын бірден бір жаңа ақпараттық технология болып саналады.

- Мультимедиа түрліше ақпаратты ұсынудың немесе пайдаланудың әртүрлі әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Біз қазіргі күнге дейін мультимедианың кейбір түрлерін күнделікті тұрмыста қолданып келдік. Мысалы, теледидар және кино - мультимедианың құрамдас бөліктері.

- Пайдаланушылар бұл технологияның жекелеген элементтерін атауда „мультимедиа” сөзін қосарлана қолданып келеді. Мысалы, мультимедиа бағдарламасы, мультимедиа өнімі, мультимедиа қызметі т.б. Мұнда мультимедиа ақпараттық технологиялар кешенінен құралатындықтан оның жекелеген элементтерін атау кезінде „мультимедиалық” сын есімін қосарлана қолдану дұрыс деп санаймыз (мультимедиалық бағдарлама, мультимедиалық өнім т.б.). Ал, жалпылай тек „мультимедиа” деп атауға болады.

Мультимедиа



Мультимедиа технологиясының аппараттық құрылғылары

- Мультимедиа құралдарына оқыту процесінде әртүрлі типті ақпараттарды ұсынушы кез келген оқыту құралдарын жатқызуға болады. Атап айтқанда:
- · дыбыстық құралдар (CD-ойнатқыш, магнитофон т.б.);
- · телерадио жүйелері (телеқабылдағыш, радиоқабылдағыш, оқыту теледидары, DVD-ойнатқыш т.б.);
- · проекциялық құрылғылар (графопроектор, мультимедиалық проектор, оверхед проектор, бейнепроектор, интерактивті проектор);
- · интерактивті тақта;
- · ақпарат көбейткіш құралдар (микрофильмдеу құралдары, ксерокс, ризограф);
- · компьютерлік құралдар;
- · телекоммуникациялық жүйелер мен желілер (кабельдік, спутниктік, оптоволокондық желілер т.б.)

- Бұл келтірілген құрылғылардың арасынан оқытудың жаңаша технологиялары мен талаптарына толық жауап бере алатын кейбір мультимедиалық құрылғыларға ғана тоқталамыз.

Интерактивті тақта

- Интерактивті тақта – дәстүрлі тақтаның барлық оң сипаттамаларына ие; кең ауқымды графикалық мүмкіндіктермен қамтылған; аз уақытта көп мәлімет ұсына алатын; оқу мотивациясын арттырудың тиімді құралы болып табылатын; оқытуды диалогты түрде ұйымдастыратын аппаратты-бағдарламалық құрал.

**Интерактивті тақтада қолданылатын
бағдарламалық жабдық (SMART Board Software)
келесі құралдардан тұрады:**

- жазба кітапшасы (SMART Notebook);
- бейнежазба құралы (SMART Recorder);
- бейнеплеер (SMART Video Player);
- маркерлік құралдар (Floating Tools);
- виртуалды пернетақта (SMART Keyboard).



- *Жазба кітапшасы* мәтіндер мен графикалық объектілер дайындауға арналған графикалық редактордан тұрады.

- *Бейнежазба құралы* тақтада орындалған барлық іс-әрекеттерді AVI форматындағы бейнефайлға жазады.

- *Маркерлік құралдар* қолданылып жатқан бағдарламалық қосымшаға тәуелсіз жұмыс істейді, тақтада кескінделген қандай да бір объектіні ерекшелеуге (тақта бетінің кез келген нүктесіне түрлі белгілеулер салуға) арналған. Мұнан соң орындалған іс-әрекеттерді сақтап қоюға болады.

● *Виртуалды пернетақта* оқытушының интерактивті тақта арқылы компьютердегі мәліметтермен жұмыс істеуіне арналған.

Яғни, компьютердің стандартты пернетақтасының аналогы болып саналады.

- Статикалық, динамикалық тұрғыда дидактикалық материалдар дайындауға болады;
- Әртүрлі сызбалар мен сұлбаларды, диаграммалар мен графиктерді жылдам салуға мүмкіндік беру арқылы уақыт үнемдейді;
- Оқушылардың зейінін нақты, қажетті ақпаратқа аудару үшін сол ақпараттарды ерекшеленді, оқшаулауды жүзеге асыратын аппараттық-бағдарламалық құрал-саймандармен жабдықталған;
- Ұсынылған ақпаратты оқытушы немесе оқушы бүкіл сабақ бойында бірнеше мәрте қайталап көре алады;

- Интерактивті тақта білім беру салаларымен қатар, көрмелерде, пресс-орталықтарда көлемді экрандардың қызметін кеңейтуге мүмкіндік бере

- Интерактивті тақтаның жұмыс принципі компьютердің монитор экранындағы кескінді проектор арқылы электрондық тақтаға кескіндеу.

